

Жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойылған

Ақмола облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 9 шілдедегі № А-7/284 қаулысы. Ақмола облысы Есіл ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 6 тамызда № 1-11-160 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 19 мамырдағы № а-5/169 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл ауданы әкімдігінің 19.05.2016 № а-5/169 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сакталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 7 бабының 5-5) және 5-6) тармақшасына сәйкес, Есіл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жұмыс орындарының жалпы санынан бір пайыздығы мөлшерінде қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. Жұмыс орындарының жалпы санынан бір пайыздығы мөлшерінде интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

3. Есіл ауданы әкімдігінің "Кәмелетке толмаған интернаттық ұйымдардың түлектері және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар үшін жұмыс орындары квотасын белгілеу туралы" 2011 жылғы 20 шілдедегі № А-7/191 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-11-138 тіркелген, 2011 жылғы 26 тамызда аудандық "Жаңа Есіл" газетінде жарияланған) қаулысы күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Есіл ауданы әкімінің орынбасары С.К.Ағымбаеваға жүктелсін.

5. Есіл ауданы әкімдігінің осы қаулысы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК